

**Биржада бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүзеге асыру өлшемшарттарын
айқындау туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 қарашадағы № 911 Қаулысы**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) [341-бабы 1-тармағының 7\) тармақшасына](#), [645-бабы 9-тармағының 3\) тармақшасына](#) және [654-бабының 3\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес биржада бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүзеге асыру [өлшемшарттары](#) айқындалсын.

2. «Қазақстан қор биржасы» (келісу бойынша) және «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы» (келісу бойынша) акционерлік қоғамдары тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей, өздерінің интернет-ресурстарында осы қаулының 1-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін бағалы қағаздар туралы ақпаратты орналастырып тұрсын.

3. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми [жариялануға](#) тиіс.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 17 қарашадағы
№ 911 [қаулысына](#)
қосымша

Биржада бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүзеге асыру өлшемшарттары

1. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін биржаларда бағалы қағаздардың (инвестициялық пай қорларының пайларын және борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) сауда-саттығын жүзеге асырған кезде бағалы қағаздармен орындалған мәмілелер бойынша мынадай өлшемшарттар қатар сақталады:

1) бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер көлемі күнтізбелік айда кемінде 25 (жиырма бес) миллион теңгені құрайды;

2) бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер саны күнтізбелік айда кемінде 50 (елу) мәмілені құрайды.

2. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін биржаларда инвестициялық пай қорлары пайларының сауда-саттығын жүзеге асырған кезде бағалы қағаздармен орындалған мәмілелер бойынша мынадай өлшемшарттар қатар сақталады:

1) инвестициялық пай қорларының пайларымен жасалатын мәмілелер көлемі күнтізбелік айда кемінде 20 (жиырма) миллион теңгені құрайды;

2) инвестициялық пай қорларының пайларымен жасалатын мәмілелер саны күнтізбелік айда кемінде 10 (он) мәмілені құрайды.

3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) [645-бабы 9-тармағының 3\) тармақшасын](#) және [654-бабының 3\) тармақшасын](#) қолдану мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Биржада бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүзеге асыру өлшемшарттарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 қарашадағы № 911 Қаулысы (2024.07.04. берілген өзгерістермен)

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2023 г.

аумағында жұмыс істейтін биржаларда бір шығарылым шегінде борыштық бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүзеге асырған кезде ашық сауда-саттық әдісімен орналастырылған және осы шығарылым айналысындағы борыштық бағалы қағаздардың көлемі бойынша кемінде 1 (бір) миллиард теңгені құрайтын өлшемшарт сақталады.